

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендерович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Leontyeva, 2007 – Leontyeva O.V., Istorija imperij XIX-nachala XXvv. v sravnitel'noj perspektive [The history of empires in XIX-beginning of XXcc. In comparative perspective] Vestnik Samarskogo gosudarstvennogo universiteta [The Bulletin of Samar state university], No. 5, 2007

Materialy, 1960 – Materialy po istorii politicheskogo stroja Kazahstana [Materials on political regime in Kazakhstan] V.I. Alma-ata: Galym, 1960. 392 p.

Morrison, 2008–Morrison A. S., Russian rule in Samarkand 1868-1910. A Comparison with British India. Oxford University Press, 2008.

Orenburg State Archive (OSA), f. 172, series 1, No. 59.

OSA, f. 172, series 1, No. 90

OSA, f. 172, series 1, No. 417

OSA, f. 172, series 1, No. 1171

OSA, f. 172, series 1, No. 1461

OSA, f.172, series 1, No 1826

OSA, f. 172, series 1, No 1887

OSA, f. 172, series 1, No. 2898

OSA, f. 175, series 1, file 28

Tastanovaetc., 2014 – Tastanova Z., Baimuratova G., Manapbaev N. Dynamics and status of ethnoconfessional communities in Kazakhstan in second half of XX century (according to archival data). Journal of Language and Literature 2014; 5(3), 266-270. DOI:10.7813/jll.2014/5-3/45

Schuyler, 1966 – Schuyler E. Turkistan. Notes of a Journey in Russian Turkistan, Kokand, Bukhara and Kuljia. / Ed. With introduction of Geoffrey Weeler. New-York-Washington, 1966. – 368 p.

Zhusup, 2008 – Zhusup, K.P., et al, 2008. Mashkhur Zhusup Kopeyuly. Bibliographic Index, 1: 1-146.

Zhusupova, Torlanbaeva, 2014 – Zhusupova L., Torlanbaeva K., and others Mashkhur Zhusup and oral historical tradition \ Life Science Journal 2014; 11(11s) <http://www.lifesciencesite.com>.

Zhusupova, Torlanbaeva, 2014 – Zhusupova L., Torlanbaeva K., and others Mashkhur Zhusup and Turkics sources \ Life Science Journal 2014;11(11s) <http://www.lifesciencesite.com>

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_81

ЖӘНГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ

А.Қ. Ахмет¹, Ғ.А. Шотанова^{2*}, Е.М. Өжкенов³, А.А. Ермекбаев⁴

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазақстан, Атырау қ.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы қ.

³Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. Қазақстан, Алматы қ.

⁴Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы қ.

*Автор корреспондент

E-mail: axmet_begis@mail.ru (Ахмет), galia8.09@mail.ru (Шотанова), e81g@mail.ru (Өжкенов), adilbekea@gmail.com (Ермекбаев)

Түйіндеме. Қазіргі уақытта отандық ғылым Ресей империясының саяси үстемдігі кезеңінде қазақтардың болмысын сақтауға бағытталған қазақ даласының тарихи тұлғаларының рөлі мен қызметін белсенді түрде зерттеуде.

Жеке тұлғаның қоғамдағы рөлі және оған ықпалы бүгінгі таңда әлемдік тарихнамада жиі көтеріліп келеді. Дала элитасының, оның ішінде батырлардың, билердің, жыраулардың сіңірген еңбегі туралы тарихи деректер өте көп. Сондай адамдардың бірі Ішкі Қырғыз Ордасының ханы Жәңгір Бөкеев еді.

Бұл мақалада біз оның басқару әдісі туралы ғана емес, сондай-ақ осындай қиын кезеңде жергілікті ұлттық құндылықтарды сақтауға мүмкіндік берген оның жоғары интеллектісі туралы сөйлесетін боламыз.

Кілт сөздер: Орынбор, Неплюев, әскери училище, кадет корпусы, 1 эскадрилья, 2 эскадрон, сұлтан, сұлтан балалары, құрметті қазақтар, корнет, орта жүзбасы, статист, аудармашы, тарихи тұлғалар, ағартушы және этнограф.

*Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы (ИРН жобасы: AR08855800) шеңберінде жүргізілді.

LITTLE-STUDIED PAGES OF ZHANGIR KHAN 'S LIFE

A.K. Akhmet¹, G.A. Shotanova^{2*}, E.M. Uzhkenov³, A.A. Yermekbayev⁴¹H. Dosmukhamedov Atyrau University. Kazakhstan, Atyrau.²Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology. Kazakhstan, Almaty.³R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies. Kazakhstan, Almaty.⁴Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.

*Author correspondent

E-mail: axmet_begis@mail.ru (Akhmet), galia8.09@mail.ru (Shotanova), e81g@mail.ru (Uzhkenov), adilbekea@gmail.com (Yermekbayev)

Abstract. Currently, domestic science is actively studying the role and activities of historical personalities of the Kazakh steppe aimed at preserving the identity of the Kazakhs during the period of political domination of the Russian Empire.

The role of the individual in society and its influence on it, today is often raised in world historiography. There is quite a lot of historical evidence about the merits of the steppe elite, including batyrs, biys, zhyrau. And one of these people was Zhangir Bokeyev, Khan of the Inner Kirghiz Horde.

In this article, we will talk not only about his management method, but also about his high intelligence, which made it possible to preserve local national values in such a difficult period.

Key words: Orenburg, Neplyuev, military school, cadet corps, 1st squadron, 2nd squadron, sultan, children of sultans, honorary Kazakhs, cornet, mediocre centurion, state adviser, translator, historical figures, educator and ethnographer.

МРНТИ 03.20.00

МАЛОИЗУЧЕННЫЕ СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ ЖАНГИР ХАНА

А.К. Ахмет¹, Г.А. Шотанова^{2*}, Е.М. Ужкенов³, А.А. Ермекбаев⁴¹Атырауский университет им. Х. Досмухамедова. Казахстан, г. Атырау.²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, г. Алматы.³Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова. Казахстан, г. Алматы.⁴Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: axmet_begis@mail.ru (Ахмет), galia8.09@mail.ru (Шотанова), e81g@mail.ru (Ужкенов), adilbekea@gmail.com (Ермекбаев)

Аннотация. В настоящее время в отечественной науке активно изучается роль и деятельность исторических личностей Казахской степи направленные на сохранение самобытности казахов в период политического доминирования Российской империи.

Роль личности в обществе и ее влияние на неё, сегодня часто поднимается в мировой историографии. О достоинствах степной элиты, в том числе батыров, биев, жырау сохранилось не мало исторических свидетельств. И один из таких людей был Жангир Бокеев, хан Внутренней Киргизской орды.

В данной статье, речь пойдет не только о его методе управления, но и о его высоком интеллекте, что позволило сохранить в столь сложный период местные национальные ценности.

Ключевые слова: Оренбург, Неплюев, военное училище, кадетский корпус, 1-ый эскадрон, 2-ой эскадрон, султан, дети султанов, почетных казахов, хорунжий, зауряд-сотник, статс-советник, переводчик, исторические личности, просветитель и этнограф.

Кіріспе. Халқымыздың сан жылғы тарихында тар жол, тайғақ кешулерден елін аман-сау алып шығуға, тағдырдың тізінен, тозақтың көзінен сақтап қалуға ұмтылған дара тарихи тұлғалар болғаны белгілі. Сондықтан да аты аңызға айналаған сол тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беру жолында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихымыздың ақтандақ беттері ашыла түсуде.

ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы қазақ халқының тарихындағы тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтері және олар өмір сүрген заманның ерекшеліктері туралы мәселелер архивтік деректер мен мәліметтер негізінде қарастыруды қажет етеді.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу-халқымыздың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Халқымыздың дәстүрлі шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танысып отырады. Қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалар Ресей империясының отарлау саясаты мен езгісіне ашық күрескен, қазақ хандығын, яғни мемлекеттілігін сақтауға талпынған қайраткерлер туралы деректер архив құжаттары негізінде талданып, Қазақстанның аймақтарындағы тарихи тұлғалардың саяси-қоғамдық қызметтерінің сабақтастығы тың архивтік деректермен толықтырылып, жаңа қырынан қарастырылуда.

Бүгінгі таңда дүниежүзілік тарихнамада жиі көтеріліп жүрген қоғамдағы жеке адамның рөлі, оның қалың көпшілікке, қоғам дамуына әсері пайымдалып, тарихта өз іздерін қалдырған қайраткер хан, сұлтан, батыр, билердің қадір-қасиетін өскелең ұрпақтың ой санасына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды ұлықтау десек, тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтері айтылған пікірімізге толық сай келеді. Сондай тұлғалардың бірі – Жәңгір хан Бөкейұлы. Жәңгірдің үстем тап өкілі және халыққа сол таптың зілмәуір тізесін батырғанын ешкім жоққа шығаралмайды.

Материалдар мен әдістер. Жәңгіртану Ресейде XIX ғасырдың 30-40 жылдарынан бастау алады. Н.С. Иванов (Иванов, 1895), Я.В. Ханьков (Ханьков, 1847), Н.Ф. Савичев (Савичев, 1876), Г. Сербаринов (Сербаринов, 1925), Х. Досмұхамедов (Досмұхамедов, 1998), А.Ф. Рязанов (Рязанов, 1926; 1996), М. Вяткин (Вяткин, 1940), В.Ф. Шахматов (Шахматов, 1946), С. Зиманов (Зиманов, 1982), Ә. Сарай (Сарай, 2003), И. Кенжалиев (Кенжалиев, 1977; 1979; 1991), К.Л. Есмағамбетов (Есмағамбетов, 2003), Ж. Қасымбаев (Қасымбаев, 2001) т.б. еңбектерінде Ресей империясының отаршылдық саясаты, қазақ елімен әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси байланыстар, Бөкей Ордасымен қарым-қатынасы, сол тұстағы тарихи тұлғалармен өзара қарым-қатынастары мен байланыстары кеңінен зерттеліп, жан-жақты баға берілген болатын. Жәңгірге қатысты ауызша тарихнаманың құнды ескерткіші ретінде Ы. Шөрековтың «Исатай-Махамбет» дастанын атап өтуге болады (Шөреков, 1976). Жәңгір хан туралы замандасы дауылпаз ақын, батыр М. Өтемісовтің өлеңдерінде де кеңінен атап өтіледі (Махамбет, 1989).

Орыс отаршылдығының басқару жүйесіндегі шенеуніктер, тарихшылар Жәңгір ханды Бөкей Ордасындағы патша үкіметінің сенімді өкілі ретінде қарады. Н.С. Ивановтың «Жәңгір – Ішкі қырғыз ордасының ханы» деген зерттеуі де Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңес мұрағатын кеңінен пайдалануының нәтижесінде жазылды. Жәңгір хан өмірі мен Ордадағы саяси-қоғамдық қызметіне баға беруде XIX ғасырдың өзінде-ақ ресми тарихнамада екі бағыт қалыптасты. Бірінші бағыттың өкілдері айтулы 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісті Орда халқын еуропалық өркениетке сүйреген Жәңгір ханның реформаторлық істеріне қарсы бағытталғандықтан туындады деген пікірде болса, ал екінші бағыттағылар Жәңгір өзін жоғары басшылыққа Ордадағы азаматтық пен тәртіп сақшысы ретінде сипаттады, ал қазақтардың көтерілісін олардың асау рухынан, жабайлығы мен дөрекілігінен туындады деп жалған мәлімет берді дейді. Дегенмен де ол кезеңдегі еңбектердің көпшілігі Жәңгір ханды ұлықтауға арналды және де оның да өзіндік себептері болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Негізінен Жәңгір ханның өмірі мен қызметі Алматы, Астрахан, Орынбор, Москва, Санкт-Петербург қалаларындағы архивтердегі сақталған материалдар негізінде зерттелді. Архив қорларындағы тарихи құжаттарды жан-жақты зерделеу нәтижесінде Жәңгір жөнінде шынайы тұжырымдар жасаған С. Зиманов, И. Кенжалиев, Ә. Сарай, К. Есмағамбетов секілді зерттеуші ғалымдар қасаң қағидалар аясындағы көзқарастардан алшақ кетті. Жәңгір ханның қоғамдық-саяси қызметіне қатысты «Бөкей хандығының тарихы» (История Букеевского ханства, 2002) атты құжаттар мен материалдар жинағында да архивтік мол мәліметтер жарияланған.

Талқылау. Бөкей Ішкі Ордаға өткеннен кейін Сарайшықта тұрды. Жәңгірдің балалық шағы осы Сарайшықта өткен. Сол кезеңдерде Сарайшық Жайық казак-орыс әскерінің бекінісі болатын. Деректерге қарағанда болашақ хан он төрт жасында Астрахан азаматтық губернаторы С.С. Андреевскийдің үйінде жатып, сол заманғы лайықты орысша білім, еуропаша тәлім-тәрбие алып өсті. Әкесі Бөкей хан қайтыс болған тұста Жәңгір он төрт жаста болатын. Дегенмен де хан тағы ата дәстүр бойынша мұрагерлік жолмен Жәңгірге берілген. Бар-жоғы қырық беске жетер-жетпес ғұмырының жиырма жылында хан тағына отырып, ел биледі (Ахмет, 2007: 67).

Оның нақты дәлелі Бөкей ханның жары Атан Нұралыханқызының 1815 жылы 8 маусымда Ресей императоры І Александрға жазған хаты болып табылады. Ханымның патшаға жазған хатында күйеуі Бөкейдің өсиеті бойынша хан тағына мұрагерлікпен он төрт жастағы баласы Жәңгірді тағайындауды өсиет ете отырып, ол кәмелеттік жасқа толғанша Бөкей Ордасының ханы ретінде уақытша туған ағасы Шығай Нұралыұлын тағайындауға өтініш білдіреді (История Букеевского ханства, 2002: 188). Сонымен бірге сол жылдың 28-ші маусымында Бөкей Ордасының сұлтандары мен старшындарының атынан байбақты руының басқарушысы сұлтан Шоқы Нұралыхановтың императорға жазған өтінішінде де бұл мәселе атап өтіледі (История Букеевского ханства, 2002: 189-190).

Жәңгір 1823 жылға дейін Астрахан губернаторының үйінде тәрбиеленіп хандықты әкімшілік

жағынан басқару әдісін үйренеді. Жәңгір хан өз тұсындағы билеушілерге қарағанда орыс, татар, неміс, араб тілдерін меңгерген тұлғалардың бірі болды. Патша әкімшілігі Жәңгірді айрықша қамқорлыққа алып, оқытып тәрбиеледі. Бұл жерде патша үкіметінің зымиян саясаты жатты. Отаршыл империя болашақ ханға дейін қазақ сахарасында қанша хан мен сұлтандарға шен тағып, шекпен жапты. Алайда, ел басқарушы хандар қазақ өміріне жаңалық енгізе алмағаны белгілі. Қазақ даласында ата-баба жолы және рулық, ру аралық қатынастар мықты болды да, халықтың іргесі сөгілмеді. Патша әкімшілігі Жәңгірден жаңа сапалы басшы шығаруды мақсат етіп қойған белгілі. Сондықтан да Жәңгірді заң, экономика, дипломатия, ел басқару ісіне де үйретті. Жәңгірдің губернатор үйінен алған тәрбиесі жөнінде Х. Досмұхамедов: «Өткен замандағы арабтың, қызылбастың салтанатты «патшалары», орыстың Романынан шыққан айбарлы патшалары Жәңгірге үлгі болды. Қазақтың салты, қазақтың тұрмысы, әдеті, заңы туралы Жәңгірге тәрбиешілер әрине бір ауыз да сөз айтқан жоқ. Жәңгір өзіміз, патшашыл, орысшыл, діншіл болып, ел билеу туралы еш нәрсеге үйренбей, қазақтың жайында дым білмейтін болып шықты», - баға береді (Досмұхамедұлы, 1991: 14). 1822 жылы 25 ақпанда Шығай Нұралыұлы болашақ Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің үстінен арызданады. Жәңгір өзінің алдағы кезеңде хан тағына отыратындығын жариялауда дей келіп, оның іс-әрекеті Ордадағы тәртіп пен тыныштықты бұзатын іс-әрекеттері үкімет пен қазақтар арасындағы кикілжінді тудыратындығын Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссенге жеткізеді. Кіші жүздегі саяси оқиғалардың белең алуынан алаңдаған П.К. Эссен Шекаралық комиссия арқылы Жәңгірге заңға сәйкес хан лауазымын үкімет беруі тиіс екендігін ескертіп, Ішкі Ордадағы немере ағасының ар-абыройына көлеңке түсірмеуін өтінеді. 1822 жылы 31 мамырда Шығай сұлтанға Бөкей Ордасындағы уақытша хан билігін алаңсыз атқара беруін тапсырады (ОрОМА, 6: 1-3). Жәңгірдің хан тағына отыруы жөнінде зерттеушілер арасында әртүрлі мерзімдер айтылып жүргені белгілі. Мысалы Н. Савичев 1825 жылы таққа отырды десе, махамбеттанушы ғалым И. Кенжеалиев 1823 жылдың 23 қарашасын көрсетсе, Ә. Сарайдың пікірінше қазақ рәсімімен ақ киізге отырығызып, хан көтеру жорасы 1824 жылы 26 маусым күні болған. Ал патша Жәңгірді хан тағайындау туралы грамотаға 1823 жылы 22 маусымда қол қойған (История Букеевского ханства, 2002: 234).

Ресей империясы патшасының әмірімен 1823 жылы 22 маусымда Жәңгір әкесінің тағына отырды. Бұл жөнінде Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генстің жазбасында атап өтіледі (История Букеевского ханства, 2002: 246). Бөкей Ордасының тағына Жәңгір ата дәстүрі мен Ресей империясының заңына сәйкес отырып, қол жеткізгенін тарихи құжаттар нақтылай түседі. Жәңгірдің білімділігі мен бекзаттығы туралы сол тұста Орынбор ерекше корпусының полковнигі Ф.Ф. Бергтің Ресей Сыртқы істер министрлігінің басқарушысы граф К.В. Нессольродеге жазған хатында: «Тым жастығына қарамастан жаңа сайланған ханның сөзі тіпті ақсақалдар алдында да өтімді, бәріне сыйлы, өйткені ол өз халқының салт-дәстүрін аса құрмет тұтады. Астраханда алған озық білімін дәреже санайтынымен, ол туған тілінің, әдебиетінің асқан білгірі, сонымен қатар орыс тілінде де біршама жақсы сөйлеп жазады.

1824 жылы 3 қаңтар күні Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссенге Кіші жүздің Қаратай сұлтан бастаған 66 сұлтаны, страшындары мен билері Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкейұлын барлық Кіші жүздің ханы етіп сайлауы туралы өтініштерін жібереді. Бұл кезеңде Кіші жүз даласындағы дағдарыс өзінің шыңына жеткен-ді. Хандық билік әлсіреп, хан саяси биліктен алыстай бастады, ал старшын мен билер билігіне қатаң бақылау жасалады. Сондықтан хан мен сұлтандар орыс ұлығының көмегімен билігін сақтап қалу үшін жанталасты (Ахмет, 2007: 126). 1824 жылғы 25 маусымда Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен өзімен тікелей қызметтес болатын Жәңгір ханды Орал қаласына салтанатты түстікке шақырады. Ханмен бірге сұлтандар Бекқали, Артықғали, Шотқара, Шөке және Жарас Нұралыхановтар, Сары мен Айдынғали Есімхановтар, Қайыпқали Есімов, Тәуке Бөкейханов, Хансұлтан Шығайев, Есенғазы Қарабаев, Күсіп Орманов, старшындар Мүсіріп Айдаболов, Балқы Құдайбергенов, Жантөре Қарабатыров, Майқы Мусин, Атбай Мамбетказин, Тастемір Қушканов қатынасады (История Букеевского ханства, 2002: 246).

1824 жылы қазан айында Жәңгірдің жеке өмірінде елеулі оқиға болды. Ол Орынбордың бұрынғы муфтиі, қазақ сахарасына белгілі М. Хұсайыновтың қызы Фатимаға үйленеді (История Букеевского ханства, 2002: 252-253). Оған дейін де хан үш рет үйленген болатын. Фатима ханым орыс әйелдер гимназиясында білім алған, неміс, француз тілдерін білген.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси-қоғамдық құбылыстардың әсерінен Бөкей хандығында феодалдық қарым-қатынас, сауда-саттық ісі жедел өрістей бастады. Билікке келген Жәңгір қол астындағы халық пен малдың жұқпалы ауруларға байланысты шығындардың көп болатындығын генерал-губернатор П.К. Эссенге хабарлай отырып, дәріхана ұйымдастыру, аурухана салу, фельдшерлерді оқыту, жұқпалы іртүрлі аурулардың алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін Санкт-Петербург медицина-хирургия академиясының түлектерін шақыратындығы мәлімдейді (История Букеевского ханства, 2002: 256).

Қазақ шаруалары өз малдары мен оның өнімдерін көршілес жатқан Астрахан, Саратов, Камышин, Царицын сияқты қалаларының базарларына апарып сатып, өз қажеттерін алды. 1824 жылы Орданың екі жерінде, яғни Ұялы және Шөпшағыл мекендерінде жәрмеңкелер ашылып, оған ішкі Ресей губернияларынан көпестер мен саудагерлер келіп, мал шаруашылығының көптеген өнімдерін арзан бағаға сатып алды.

Орда да сауданың дамуы ақша-тауар айналымын өрістетіп, бөкейлік қазақтардың, соның ішінде байлар мен сұлтандар қолдағы мал санының өсуіне барынша күш салды. Ал бұл мал жайылымы үшін күресті өрістеткен себептердің біріне айналды (Зиманов, 2009: 110-112). 1826 жылы Жәңгір хан император І Николайдың таққа отыру салтанатына қатынасып, бағалы сыйлықтарға ие болады (История Букеевского ханства, 2002: 290-291, 293). Осы сапарда Жәңгір хан Жасқұс құмының батыс бетінен болашақ өз резиденциясын салу мақсатында патшадан ақша қаражатын, құрылыс материалдарын және үй салатын архитектор сұрайды. 1826 жылды күзінде архитектор Тафаев бастаған құрылысшылар тарихи орының алғашқы қазығын қағады. Сөйтіп болашақ Орда қаласы пайда болып, ол хандықтың орталығына айналды және қос өзен аралығындағы көрнекті мәдениет, сауда-саттық, экономикалық орталық болып саналды. Жәңгірдің өзінің тікелей араласуымен Орда қаласында екі кластық жоғары бастауыш мектеп пен қыздар мектебі, қазақ, татар балалары оқитын дербес бастауыш мектептер, хан, татар мешіттері ашылды. Бұл оның хан тағына отырғанына үш жыл толмай жатып қолға алған шаруасы еді.

Жәңгір хан таққа отырысымен кері тартпа кәрі сұлтандарды биліктен ығыстырып, олардың орындарына жас сұлтандарды қоя бастады. Осы кезде Орданың қоғамдық-саяси өміріне Шыңғали Орманов, Шөке Нұралыханов, Қарауыл қожа Бабажанов т.б. сияқты тұлғалар белсене араласа бастады. 1826 жылы Жәңгірдің өтініші бойынша үлгілі қызметтері үшін сұлтандар Тәуке Бөкейханов, Хансұлтан Шығаев, старшындар Мүсіреп Айдаболов, Шомбал Ниязов, Балқы Құдайбергенов, Дүйсенбай Раманқұлов, Досалы Құшақбаев, Райым Дархожин, Ғабдырахман Исмайловты марапаттауға ұсынады. Марапатқа ұсынылғандар ханға жақын ықпалды тұлғалар болатын. Марапатқа ұсыну арқылы хан өзінің ел ішіндегі саясатын осы сұлтандар мен старшындар арқылы жүргізілетін жете түсінді. Осы жылдың 29-ші қарашасында Ордадағы ықпалды старшындардың бірі, кейін 1836-1838 жылдардағы көтерілістің басшысы болатын Исатай Таймановқа Жәңгір хан өз тарапынан Сарайшық бекенісіне келіп жеткен Хиуа елшісін Астраханға дейін тиісті дәрежеде қарсылып, шығарып салуды тапсырады. Исатай бұл тапсырманы мүлтіксіз орындайды. Бұл жылдары Исатай мен хан арасында жақсы қарым-қатынас болғанның мұрағат деректері нақтылай түседі.

1827-1829 жылдары ханның жүргізе бастаған орыс бағытындағы саясатына қарсы Ішкі Ордадағы елді Жайықтың сыртқы бетіне көшіру қозғалысы болған еді. Патша үкіметіне қарсы бұл қозғалысты сұлтан Қайыпқали Есімов бастаған болатын. Оны астыртын түрде қолдаған сұлтандар Шыңғали Орманов пен Шөке Нұралыханов еді. 1827 жылы Орда да жұт болып, 1887 шаңырақ Жайықтың сыртына кетті. Кететін ел мен жібермеуге жанталасқан сұлтандар арасында қантөгіске ұласқан қақтығыстар орын алды. 1827 жылы Жәңгір хан Астрахан губернаторына «Орданың бей-беректі кетті, мені өлтіру ойында бар адамдар үш шақырым жерде жүр» деп шағымданды. Халықтың наразылығын тексеру мақсатында Ордаға генерал-губернатор П.К. Эссеннің тапсырмасымен сенатор Ф.И. Энгель, Орал казак-орыс әскерінің атаманы Д.М. Бородин, Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генс келеді. Тексерістің қортындысында комиссияның пікірі екіге жарылды. Сенатор Ф.И. Энгель ханның ұстанған саясаты, яғни оның Ордадағы тірлікті жақсартпақ болған қызметтері дұрыс деген пікірде болса, атаман Д.М. Бородин ханның халыққа тізе батырған шектен шыққан өзімшіл, астамшыл саясатын кінәлады. Ақыры айтыстың нәтижесінде Жәңгір саясатын қолдаған Ф.И. Энгель мен Г.Ф. Генстің пікірлері орыс әкімшілігінен қолдау тапты. Бұл жеңіске мастанған Жәңгір хан ойға алған мақсаттарын жүзеге асыруға кірісті.

1827 жылы губернатор П.К. Эссенге жазған хатында Ішкі Ордадағы тыныштықты сақтаған қызметтері үшін старшындар Мүсіреп Айдаболов, Шомбал Ниязов, Алтай Досмұхаметов, би Бекболат Байшеркешовты тархандық атаққа ұсынады. Ал қазан айында Ішкі Ордадағы қозғалысқа қатынасқан байбақты руынан Майбас Тұлағанов, Бұзлақ Асманбетов, Жұматай Кемелдиновты Нерчинск зауытына немесе Архангельскіге жер аударуды сұрап губернатор П.К. Эссенге хат жолдайды.

Ордадағы жер мәселесінде хан шөбі шүйеген шұрайлы жерлерді өзіне жақын сұлтандар мен байларға берді. Оны архив құжаттарыда нақтылай түседі. Мысалы Қарауыл қожа Бабажановқа – 400 мың десятина жер, сұлтан Шыңғыс Ормановқа – 700 мың десятина, сұлтан Меңдігерей Бөкейхановқа – 400 мың десятина, Балқы Құдайбергеновке – 300 мың десятина жер берілді. Хан 1830 жылдардан бастап патша өкіметі органдарымен келісе отырып, жерді жеке меншікке бөліп беруді кеңінен қолданып және оның басшысы болды. Жәңгір хан қалың шаруалар бұқарасына алым-салықты көбейті, салықтың соғым, құшыр, пітір, зекет т.б. сияқты түрлерін енгізіп, қалың қазақты сорлаты.

Жәңгір ханның тұсында Каспий теңізі жағалауындағы құнарлы жерлерге ие болған орыс помещиктері граф И.А. Безбородко 199579 десятина жерді, князь Н.Б. Юсупов 130763 десятина жерге ие болды. Осы жерлерге қыстағаны үшін қазақ шаруалары мал беріп, шөбін шауып, қамысын буып беруге, ақша төлеуі тиіс болды. Жәңгір хан Бөкей Ордасындағы ең өзекті мәселе жер мәселесін шешуге батыл қадамдар жасауға ұмтылды. Хандық территориясының шекараларын нақтылауға тырысты. Жәңгір хандықтағы халық санын көбейту мен қатар мал басын артыруды да ойластырды. Ол Ресей империясының шикізат көзіне айналып отырған Ішкі Ордадағы бірден – бір шаруашылық мал шаруашылығын қарқынды дамытуға ұмтылды. Оның бұл жоспары туралы патшаға, сыртқы істер министрі К.В. Нессельродеге, сенатор Ф.И. Энгельге, Астрахан, Орынбор, Саратов губернаторларына жазған хаттарынан байқауға болатындығы (АОМА, 7: 70-82). Жәңгір Бөкейұлының алғашқы хандық құрған 1825-1830 жылдары жүргізген аграрлық саясаты жер қатынастарын реттеуге бағытталды. Жәңгір хан 1831-1845 жылдар аралығында аграрлық реформалар арқылы халықты отырықшылыққа бейімдеуге ниеті болғанымен, бұл ойы да жүзеге аспады. Бұл туралы 1839 жылы 19 шілде де I Николай патшаға жазған хатында көрсетеді (История Букеевского ханства, 2002: 376). Хан өз тарапынан Ресей патшасынан Орда аумағында он шақты елді-мекен салуға рұқсат сұраған. Алайда Жәңгір хан отырықшылық саясатын еш жүйесіз жүргізіп, оған қажетті жағдайды да жасамады. Өйткені Ордадағы жайылымдардың басым бөлігін өз туған-туысқандары мен айналасындағы сұлтандар мен билерге үлестіріп беру арқылы бұқара халықты оларға тәуелді етіп қойған болатын.

Жәңгір өз кезегінде ірі феодал болды. Оның 4277 жылқысы, 232 түйесі, 719 сиыры, 17097 қой, ешкілері бар еді (ҚР ОММ, 4: 133-134). Ол жайылымға шұрайлы жерлерді иемденіп, 700 мыңнан астам десятина орманды, сулы, климаты жұмсақ шалғынды жайылымды иемденді.

Жәңгір ханның далалық билеудің дәстүрлі құрылымдары мен жүйесінен ауытқып, Ресей империясының басқару жүйесіне қарай ойысуы халыққа мүлде жат, тосын жай еді. Хан мен халық арасындағы тікетірес Бөкей Ордасы мен Кіші жүзді шарпыған 1836-1838 жылдардағы Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Бөкей Ордасындағы бұл көтеріліс туралы 1917 жылға дейін Ресейде жарық көрген еңбектердің бірі Жайық орыс-казактарының әскери-шаруашылық мұрағатшысы Н.Ф. Савичевтің «Исатай Тайманов Ішкі Орданың старшыны» атты көлемді туындысы болып табылатындығы. Бұл шығармада 1836-1838 жылдардағы көтерілістің себептері, қозғаушы күштері, барысы және аяқталуы біршама толық баяндалған (Савичев, 2003: 5-6).

Исатай Тайманов өзінің ниеттес адамдарымен бірігіп Жәңгір ханның үстінен патша үкіметіне шағым береді. «Біздің билеушіміз Жәңгір Бөкейұлы әділ қазы емес. Сұлтандар, билер, қожалар ханның әкімшілігін пайдаланып үнемі бізге жазықсыз зорлық қылады. Орынсыз көп салық жинайды. Меншікті мал-мүлкімізді жөнсіз тартып алады. Олардың үстінен шағым берсек, бұрынғыдан да әрі пәлеге ұшырап қысымшылық көреміз», - деп Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийге жазды.

Генерал-майор М.В. Ладыженский «Ішкі (Бөкей) Орданың жағдайы» деген есебінде көтерілістің басты себебі Жәңгір тарапынан жерді пайдаланудағы және алым-салық төлеудегі әділетсіздік болды деп мойындайды (Есмағамбетов, 2003: 53). Н.И. Веселовскийдің ресми құжаттарға сүйене отырып жасаған қорытындына қарағанда: «1806 жылғы Ереже бойынша барлық жерлер қазақтардың пайдалануына берілген Еділ мен Жайық аралығындағы жерлерді Жәңгір өзі иемденді, 400 мың десятина жерді өзі алды, қалғандарын туысқандары мен ұнатқан адамдарына сыйлыққа тартып, не болмаса саты. Қазақтар бұрынғы бұрынғы өз жерлерін жалға алып, ақша төлеуге мәжүр болды. Жәңгірдің басқаруы кезінде Орда гүлденген жоқ, ханнан да, оның көңілін тапқандар тарапынан да жүргізілген алым-салықтан, парақорлықтан, әділетсіздік пен қуғыншылықтан жапа шекті», - деп жазды (Есмағамбетов, 2003: 54). Ал А.Е. Алекторов ханның тағы бір қырын былайша ашып көрсетеді. Өз кірісін көбейте түсу мақсатында пайдакүнем хан Жайықтың арғы бетінен көптеген отбасыларын өз жағына көшуге дем беріп отырады, осының нәтижесінде ішкі қазақтар саны 1812 жылы 7500 шаңырақтан 1845 жылы 22000 шаңырыққа жетті. Осының салдарынан қазақтардың жерге мұқтаждығы өсе түсті. 1828 жылы сәуірде Азия комитеті қазақтарға жер тапшылығына байланысты Жайықтың азиялық бетіне, яғни Бөкей Ордасына өтуге тиым салды. Мұнымен Ордадағы жер мәселесі шешілмегені анық. Каспий жағалауындағы жерлерді иемденіп алған алпауыт помещиктер мен үлкен және кіші өзендер, Қамысты, Самар көлдері мен одант шығыста Жайыққа дейін қоныстанған Жайық казак-орыстары қазақтардың жерін тартып алып, өздеріне қайта жалға берді. Оның үстіне Жәңгір хан Жайық бойындағы өңірді орыс мұжықтарына бөліп беріп қазақ руларының көпшілігін құмдауытты, шөлейтті жергеи қуды. Дағдарысқа ұшыраған қазақтар негізінен ханды қоршаған сұлтандар, старшындар мен қожалар кінәлі деп есептеді. Қарауыл қожа Бабажанов 1834-1835 жылдары орыс помещиктерімен жерді жалға алу шарттары туралы келісімге қол қойды. Бұл шарттар бойынша қазақтарға мал қыстауға қолайсыз жерлер бөлінді. Соған қарамастан қазақ шаруалары жыл сайын 1000 рубль төлеуге міндеттелді. Жәңгір Шекара комиссиясына сүйеніп, елді басқарудың қалыптасқан ғұрыпын бұзып,

жерді өз туыстары мен өзіне жақын адамдарға таратып берді және қарауындағы қазақтарға немқұрайлықпен қарады. Жәңгір хан 1830 жылдан қайтыс боларына дейін, яғни он бес жылдың аралығында Орданың ауқатты адамдарына жер бөліп беру жөнінде 1514 актіге қол қойған, олардың көпшілігі ханның бұрынғы құжаттарына қайшы келген. Ноғай руы Бөкей Ордасында 1,8 млн десятина жерді иемденді. Жалпы алғанда Орда қарамағында барлық жердің үштен бірі ғана қарапайым қазақтардың пайдалануында қалды.

Жәңгір хан өз тарапынан руларды басқаруды сұлтандарды тағайындау арқылы жүзеге асырды. Мысалы, адай, масқар, есентемір, таз руларын Әділ Бөкейханов, Балқы Құдайберген-беріш, Шомбал Ниязов-ноғай, Шілік Абылаев-жаппас, Шөке Нұралиев-байбақты, Құшақғали Шығайев-қызылқұрт, Жанбөбек Бегалин-алаша руын, Құдайберген Кенжебаев-тана, Тоғым Шығайев, Тәуке Бөкеев-ысық руларын басқарды (Иванов, 1895).

Сонымен бірге ханның жанында татар кеңсесі, орыс кеңсесі, іс жүргізушілер, шабармандар ел үстінен күн көргендер болды. Ханның өкімімен ру басылары, билер мен старшындар, сұлтандар мен қожалар, молдалар, тархан атағын алғандар және төлеңгіттер зекет пен соғым төлеуден босатылды.

Исатай Тайманов пен бір топ старшындардың Ішкі Орал линиясының бастығы есаул Г.Т. Сумкинге жазған хатында: «Қазақ халқы сонша көрген зәбірінен әбден ашынып, қандай болмасын бір заңға қайшы істерге барып қалмас үшін мерзімі өтіп кетпей тұрғанда бастық мырза, менің сізден әдейі сұрайтыным біздің көріп отырған жәбіріміз жөніндегі шағымдарымызды тиісті орындарға жеткізсеңіз екен», - деп жазды (Сб. документов, 2003: 64).

Белгілі ғалым К. Есмағамбетов «хан» атағымен Жәңгір шын мәніндегі ежелгі қазақ дәстүрі бойынша ақ киізге отырғызылып сайланып қойылатын бұрынғы қазақ ханы емес, ол өкілеттілігі тұрғысынан орыс губернаторына бағынышты, бірақ қазақ институты лауазымын жамылған орыс басқару жүйесінің шенеунігі. Сондықтан Жәңгір трагедиясы сол кездегі бүкіл қазақ халқының басындағы трагедия», - деуінде ақиқат бар (Есмағамбетов, 2003: 68).

Жәңгір хан Ордада жәрмеңке ұйымдастыру, мешіт салу, мектеп ашу, ауруларға шипа қолдану мақсатында дәрігер ұстау жұмыстарын ұстауды қолға алды. Орынбор әскери-губернаторы, генерал-адъютант, граф П.П. Сухтелен Астрахан әскери губернаторына жолдаған хатында: «Ішкі қазақ Ордасының ханы Жәңгір Нарын құмында орналасқан Жасқұстағы ставка маңында сауда жәрмеңкесін ұйымдастыру туралы ойын білдіріп, оны жалпы ережеге сәйкес құруды өтінеді. Жәңгір хан ставка маңындағы Нарын құмында сауда орнын ұйымдастыру тиімді ме бұл ішкі саудаға өз зиянын тигізбей ме? Сізден бұл туралы пікіріңізді маған мәлімдеуіңізді өтінемін», - дейді (Есмағамбетов, 2003: 19).

Сөйтіп Орынбор шекаралық комиссиясы және Қаржы министрі Нарын құмында Жасқұс жазығының солтүстік - батысында тұрақты түрде жәрмеңке ашуға рұқсат берді. Жәңгір ханның бастамасымен 1832 жылы алғаш рет хан ставкасы жанынан жәрмеңке өз жұмысын бастады. Академик Вебель өз еңбегінде бұл мақсатқа империя қазынасынан 56161 рубль қаражат қарастырғанын және 316 сауда-саттық нүктелерінен тұратын 12 үлкен корпус бой көтергенін атап өтеді. Қазақстан бойынша ең алғашқы жәрмеңке Жәңгірдің бастамасымен Бөкей Ордасында ашылғаны қазақ сахарасындағы елеулі оқиғаның біріне айналды. Осы жәрмеңкенің нәтижесінде хан ставкасы Ресей мен Орта Азиямен сауда-экономикалық байланыстардың одан әрі тереңдей түсуіне. Бұл жәрмеңке туралы мәліметтер Ресейдің әртүрлі баспасөздерінде, М.Я. Киттары, Я.В. Ханьков, П.И. Небольсон, И.С. Иванов, А. Харузин, А.Н. Тетеревников еңбектерінде атап өтіледі.

Патша әкімшілігі Ордадағы 1827 жылғы Қайыпқали Есімов бастаған толқудан сескеніп, Жәңгір ханның жанынан он екі биден тұратын Хан кеңесін құрды, кеңес 1828 жылдың 1 сәуірінен бастап қайтадан өз жұмысына кіріседі. Хан кеңесінің құрамына Алтай Досмұхамедов (алаша руынан), Құдайберген Кенжебаев (тана руынан), Бос Боздақов (кете), Құнажан Сапақов (байбақты), Шомбал Ниязов (ноғай), Күшатар Мойнақов (жаппас), Мүсіреп Айдаболов (шеркеш), Шора Қидайов (масқар), Жаутұр Ақтанов (қызылқұрт), Балқы Құдайберген (беріш) болды. Жәңгір ханның жарлығымен Хан кеңесі жанында он екі старшын қызмет атқаратын болды.

Патша үкіметі тарапынан қабылданған «Ішкі Бөкей Ордасын басқарудың тәртібінде»: Хан басшылығынан басқа басшылықты білмейтін қазақтар біз ойлаған шұғыл, тосын өзгерістерге дайын емес, асығыстық жартылай жабайы халық арасында, орталық әкімшіліктен жырақ шекаралық далаларда соңы неге апарып соғары белгісіз жайсыздықтар туғызуы мүмкін. Сол себепті Ішкі Орда жағдайындағы дайындық, яки өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін ажырата білген жөн. Сондықтан төмендегідей іс-шара ұсынылады:

1) Хан басшылығы Астрахандағы бөтен ұлттарға қамқорлық басқармасына тәуелді болуға тиісті, оны ханға көмек, халық тұрмысына қамқорлық деген бүркемемен хан мен Ордаға қолайлы қалыпқа түсірген жөн: ханның іс-қағазын жүргізу үшін орыс кеңсесі құрылсын.

2) Қазақтардың орыстарға бойын үйрету үшін мерзімдік жәрмеңкелермен бірге хан ордасында

үзбей сауда жасайтын мекеме болғаны жөн. Онда біртіндеп орыс халқының көбеюі біздің уездік әкімшілік пен гильдиялық саудаға тірек боларлық уездік қалаға айналдыруға жағдай туғызары сөзсіз.

3) Жерді ру-руларға бөліп беріп, қазірден отырықшылықты құнтаған жөн, келешекте оларды болыстарға ауылдарға бөлшектеуге болады.

4) Ордада орыс тілін орнықтыру үшін училище ашу керек.

5) Ордада дәрігер, малдәрігер, акушер ұстау керек.

Жоғарыда айтылғандарды біртіндеп жүзеге асыру – Ордада орыс әкімшілігін орнықтыруға алғышарт болмақ, ал ол орыс әкімшілігінің ел басқару ісіндегі артықшылығына халықтың көзін жеткізер еді-делінген (ҚР ОМА, 78: 10-11). Бұл аталған тарихи құжатта Жәңгір хан арқылы жүргізетін орыс империясының негізгі саясаты анық көрініс тапқан.

Жәңгір хан Ішкі Ордадағы 1836-1838 жылдардағы Исатай - Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісті патша өкіметінің қолдауымен аяусыз, аса қаталдықпен басты. Г. Сербаринов, Х. Досмұхамедов, А. Мәмбетов, А.Ф. Рязанов, С. Асфендияров, М. Вяткин, В. Шахматов, С. Зиманов, И. Кенжеалиев, К. Есмағамбетов еңбектерінде Жәңгір ханның көтеріліс кезіндегі ролі жан - жақты бағаланады.

Хан 1839 жылы көп жылғы адал қызметі үшін патша тарапынан I дәрежелі Эулие Анна орденімен марапатталады (История Букеевского ханства, 2002: 380). 1840 жылы Жәңгір ханға үкіметке адал қызметі үшін генерал-майор шені берілді. 1842 жылы қараша айында Жәңгірдің үстінен ноғай руының қазағы Аббас Құшаев, шеркеш руынан Мұса Айболатов тарапынан Орынбор шекаралық комиссиясына берген көрсетулерінде ханның елге шамадан тыс салықтар салғандығын, салықтарды жинау үшін хан жанындағы сұлтандар, старшындар, билердің аты-жөндері толық көрсетіліп, ноғай руынан 40000 рубль, шеркеш руынан 50000 рубль, беріш руынан 60000 рубль, алаша руынан 40000 рубль, қызылқұрт руынан 30000 рубль, байбақты руынан 40000 рубль, жаппас руынан 30000 рубль, ысық руынан 20000 рубль, кете руынан 20000 рубль, адай руынан 25000 рубль, есентемір руынан 10000 рубль, жетіру руынан 20000 рубль қаражат жинағанын мәлімдеді. Ал күз айларында әрбір түтінен 70 рубль тұратын бір жылқыдан, ал жылқысы жоқтар ақшалай салық төлесе, күзде тебінге шығатын жылқы үйірінен екі жылқы, жүз қойдан екі қой салық алған. Сонымен қатар ханның он шақты іс жүргізушілері үшін, кеңсе жұмыстары үшін, кеңсе басшысы Раевскийге 3000 рубль қаражат жинаған. Жәңгірде өз кезегінде шекаралық комиссияға А. Құшаев пен М. Айболатовтың үстінен шағым түсіріп, олар 1827-1829 жылдардағы Қайыпқали Есімов бүлігіне қатысты, көпес саудагер М. Харитоновтың іс-түзсіз жоғалуына кінәлі, 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов бүлігіне қатысты деп айыптады. Хан 1843 жылдары Исатай-Махамбеттің серіктерін қудалауын одан әрі жалғастырды. Жәңгірдің тарапынан халыққа қысым күшейе түсті. Бұл мәселеге патша әкімшілігі көзжұмбайлықпен қарады. Жәңгір заманында орыс отаршылдығының езгісі күшейіп, хан билігі орыс әкімшілігі жүйесімен ұласып кетті.

Петербург, Москва, Қазан қалаларында және Кавказда болған сәттері көптеген ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерімен танысуға игі ықпалын тигізді. Орыс ғалымдары А. Харузин, И. Казанцев, И.С. Иванов, саяхатшы, географ Г.С. Карелин, В.И. Корнеев, Э. Д.фон дер Брюгген, М.Л. Кожевников, М.Н. Донцов, жазушы А.Ф. Ребров, неміс ғалымы К. Гебель т.б. хат-хабар алмасып, пікір алмасып тұрды. Ханның жеке кітапханасында «Отечественные записки», «Русский инвалид», «Северная пчела», «Сенатские ведомости», «Современник», «Астраханские ведомости», «Саратовские ведомости» газет-журналдары болды. Хан ордасында болған саяхатшылар мен ғалымдар кітапхана қорымен танысып тәнті болғандарын өздерінің естелік жазбаларында қалдырған.

Жәңгір 1839, 1844 жылдары Қазан қаласына барған сапарында Қазан императорлық университетінің кітапханасына мың бес жүз рубль тұратын түрік, парсы, араб тіліндегі «Моңғол хандарының тарихы», «Парсы тілінің сөздігі», «Бірінші халифтар тарихы», «Халықтар тарихы» т.б. баға жетпес қолжазба шығармаларын тапсырады. 1844 жылы Жәңгір Бөкейұлы Қазан университеті кеңесінің құрметті мүшесі болып сайланады. Сол жылдың қараша айында ол құрметтері үшін университеттің проректоры Ф.И. Эрдманға шексіз алғысын білдіреді. Сонымен бірге университетпен тығыз қарым-қатынас жасап тұратындығын, алдағы уақыттарда бұқаралықтар арқылы Бұқара қаласынан қолжазбалар мен ескі теңгелерді алдыруды көздеп отырғанын назарына береді. Ф.И. Эрдман Жәңгірдің бұл хатын Қазан университеті кеңесінің назарына беріп, шығыс тілдері бөліміне қажетті араб, парсы, түрік тілдеріндегі кітаптар тізімін жасақтап ұсынған (История Букеевского ханства, 2002: 431-434). Хан қараша-желтоқсан айлары мен 1845 жылдың наурыз айларында шығыстанушы, ғалым, профессор А.К. Камзабекпен хат алмасып тұрды. 1844 жылы Қазан қаласында Жәңгірдің «Мұхтасар әл-фикғайат» аталатын еңбегі жарық көрді. Жәңгір сонымен қатар асыл тұқымды жылқы өсірумен, қазақ шежіресіін жинауменде шұғылданды.

Мұсылмандық қағидаты ұстанған ханның жеке өкімімен 1835 жылы Ордадағы әсем ғимраттардың біріне саналатын мешіт үйі бой көтерді. 1844 жылдың 7 тамызында Орынбор әскери губернаторы В.А. Обручевке жазған хатында Хан Ордасында шіркеу салу үшін қаражат

бөлуге қарсылығын төмендегіше білдіреді: «Қазақтар өз дініне өте берік, сондықтан шіркеу салуға қаражаттың бөлінуіне жеңіл ойлайтын, жабайы мінезді қазақтар тарапынан қарсылық тудырып, менің басқару ісіме қиындықтар туғызады», - деп ашық мойындайды (История Букеевского ханства, 2002: 47, 48).

Қорытынды. 1845 жылы 11 тамызда 43 жасында Жәңгір хан кенеттен қайтыс болды. Жәңгір хан өлгеннен кейін Фатима және Салиха атты әйелдері қалды. Олардан туған Сейітгерей (16 жаста), Сақышгерей (15 жаста), Исмайыл (11 жаста), Ибрагим (11 жаста), Ахметгерей (8 жаста), Ғұбайдолла (5 жаста), және қыздары Зылиха (3 жаста), Ғайша (10 жаста), Хадиша (8 жаста) атты ұрпақтары қалған болатын. Негізінен зерттеушілердің еңбектерінде Жәңгір әйелдерінің есімдері өзгеріп отырады.

Жәңгір жүргізген реформалар өз кезегінде патша өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатына, боданға айналдыру жөніндегі мақсат-мүдделеріне сай болды. Жәңгір хан қайталанбас тұлға ретінде емес, еуропалық тұрмыс-салтқа көшу жөніндегі бастамаларымен белгілі күрделі тұлға ретінде тарихта қалатындығына күмән жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- Ахмет А. Қаратай хан. Алматы: «Арыс», 2007. 176 б.
- Вяткин М. Внутренняя орда и восстание Исатай Тайманова. Первые годы существования Внутренней орды // М.Вяткин. Очерки по истории Казахской ССР. Том 1. С древнейших времен по 1870 г. ОГИЗ. Госплитиздат, 1941. 367 с.
- Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). Алматы: Ана тілі, 1998. 384 б.
- Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. Алматы. 1991. 256 б.
- Есмағамбетов. К.Л. Азат рухтың күрескері. Алматы: Өркениет, 2003. 176 б.
- Зиманов С. Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата, 1982. 171 с.
- Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. Алматы: Арыс, 2009. 400 с.
- Иванов Н.С. Джангер хан Внутренней Киргизской орды. Астрахань, 1895. // Букеевской Орде 200 лет. Кн.2. Алматы: изд-во «Өлке», 2001. 320 с.
- История Букеевского ханства 1801-1852 гг. Сб. документов и материалов. // Сост. Б.Т. Жанаев, В.А. Иночкин, С.Х. Сагнаев. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 1118 с.
- Исатай-Махамбет. 1801-1848. Документы. Алматы: Арыс, 2003. 448 с.
- Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств. ХУІІІ – первой половины ХІХ вв. Жангир хан (1801-1845 гг.). Т.4. Алматы: Наш мир, 2001. 352 с.
- Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. Алматы, 1977. 111 б.
- Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. Алматы, 1979. 104 б.
- Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. Алматы, 1991. 192 б.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (бұдан былай – ҚР ОММ), 4-қор, 1-тізім, 318-іс.
- ҚР ОМА, 78-қ., 2-т., 153-іс.
- Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Алматы: Жазушы, 1989. 141 б.
- Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.). В 2-х книгах. Кзыл-Орда, 1926. 255 с.
- Рязанов А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі /ауд. М.Неталиев. Алматы: Қазақстан, 1996. 176 б.
- Астрхан облыстық мемлекеттік архиві (бұдан былай – АОМА), 7-қ., 7-т., 1172-іс.
- Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (бұдан былай – ОрОМА), 6-қ., 10-т., 2674-іс.
- ОрОМА, 6-қ., 10-т., 3766-іс.
- Савичев Н.Ф. Исатай Тайманов, старшина Внутренней орды // Уральские войсковые ведомости. 1876. №43-45, 47-51.
- Савичев Н. Кенжеалиев И. Тарихи зерттеу еңбектері. 12-кітап. Алматы: Өлке, 2003. 216 б.
- Сарай Ө. Екі тарлан. Исатай-Махамбет тарихы туралы зерттеу. Алматы: Арыс, 2003. 424 б.
- Сербаринов Г. Исатай Тайманов (очерк народного движения в Букеевской орде в 1836 - 1838 гг.). Оренбург, 1925. 356 с.
- Ханыков Я.В. Очерк состояния Внутренней орды в 1841 году // Записки РГО. Кн.2. 1847.
- Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатай Тайманова. Алма-Ата, 1946. 255 с.
- Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. Дастан мен өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1976. 161 б.

References

- Akhmet A. Karatai Khan [Khan Karatai]. Almaty: Arys, 2007. 176 b. [In Kazakh]
- Vyatkin M. Vnutrennyaya orda i vostanie Isataya Tajmanova. Pervy'e gody' sushhestvovaniya Vnutrennej ordy [The Inner Horde and the uprising of Isatai Taimanov. The first years of the Inner Horde] // M. Vyatkin. Ocherki po istorii Kazakhskoj SSR. Tom 1. S drevnejshikh vremen po 1870 g. Gosplitizdat, 1941. 367 s. [In Russian]

- Dosmukhamedov H. Tandamaly [Selected]. Almaty: Ana tili, 1998. 384 b. [In Kazakh]
- Dosmukhamedov H. Isatai-Makhambet. Almaty. 1991. 256 b. [In Kazakh]
- Esmagambetov. K.L. Azat rukhty`n kureskeri [Fighter of the free spirit]. Almaty: Orkeniyet, 2003. 176 b. [In Kazakh]
- Zimanov S. Rossiya i Bukeevskoe khanstvo [Russia and the Bukeev Khanate]. M., 1982. 171 s. [In Russian]
- Zimanov S. Obshhestvenny`j stroj kazakhov pervoj poloviny` XIX veka i Bukeevskoe khanstvo [The social system of the Kazakhs of the first half of the XIX century and the Bukeev Khanate]. Almaty: Arys, 2009. 400 s. [In Russian]
- Ivanov N.S. Dzhanger khan Vnutrennei Kirgizkoi ordy. Astrakhan, 1895 [Dzhanger is Khan of Inner Kyrgyz horde] // Bukeyevskoy Orde 200 let. Kn.2. Almaty: Izdatel'stvo «Ol'ke», 2001. 320 s. [In Russian]
- Istoriya Bukeevskogo khanstva 1801-1852 gg. Sb. dokumentov i materialov [The history of the Bukeev Khanate in 1801-1852. Collection of documents and materials] // Comp. B.T. Zhanaev, V.A. Inochkin, S.H.Sagnaev. Almaty: Dyke-Press, 2002. 1118 s. [In Russian]
- Isatai-Makhambet. 1801-1848 [Isatai-Makhambet. 1801-1848] // Document. Almaty: Arys. 2003. 448 s. [In Russian]
- Kasymbayev ZH.K. Gosudarstvennyye deyateli Kazakhskikh khanstv. XVIII–pervaya polovina XIX veka. Zhangir-khan (1801-1845) [Statesmen of the Kazakh khanates. XII-the first half of the XIX centuries. Zhangir Khan]. Tom 4. Almaty: Nash mir, 2001. 352 s. [In Russian]
- Kenzhaliev I. Taimanuly Isatai. Almaty, 1977. 111 b. [In Kazakh]
- Kenzhaliev I. Makhambet Otemisuly. Almaty, 1979. 104 b. [In Kazakh]
- Kenzhaliev I. Isatai-Makhambet. Almaty, 1991. 192 b. [In Kazakh]
- Kazakhstan Republikasy Ortalyk memlekettik archivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 4-k., 1-t., 318-is.
- KR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 78-k., 2-t., 153-is.
- Makhambet. Ereuil atka er salmai. Almaty: Zhazushy, 1989. 141 b. [In Kazakh]
- Ryazanov A.F. Sorok let bor'by` za natsional'nuyu nezavisimost` kazakhskogo naroda (1797-1838). [Forty years of struggle for the national independence of the Kazakh people]. In 2 books. Kzyl-Orda, 1926. 255 s. [In Russian]
- Ryazanov A.F. Isatay Taimanov koterilisi [The uprising of Isatai Taimanov] trans. M. Netaliev. Almaty: Kazakhstan, 1996. 176 b. [In Kazakh]
- Astrakhan oblysyk memlekettik archivi (budan bylai – АОМФ), 7-k., 7-t., 1172-ic.
- Orynbor oblystyk memlekettik archivi [Orenburg Regional State Archive]. 6-k., 10-t., 2674-ic.
- OrOMA [Orenburg Regional State Archive]. 6-к., 10-т., 3766-ic. [In Russian]
- Savichev N.F. Isataj Tajmanov, starshina Vnutrennej ordy [Isatay Taimanov, Foreman of the Internal Hordes] // Ural Military Vedomosti. 1876. №43-45, 47-51. [In Russian]
- Savichev N. Kenzhealiev I. Tarihi zertteý eńbekteri [Historical research works]. 12-kitap. Almaty: Region, 2003. 216 b. [In Kazakh]
- Sarai A. Eki tarlan. Isatai-Makhambet turaly zerteu [Two Tarlan. Research on the history of Isatai-Makhambet.]. Almaty: Arys, 2003. 424 b. [In Kazakh]
- Serbarinova G. Isataj Tajmanov (ocherk narodnogo dvizheniya v Bukeevskoj orde v 1836-1838) [Isatay Taimanov (an essay on the popular movement in the Bukeev Horde in 1836-1838)]. Orenburg, 1925. 356 s. [In Russian]
- Khanykov Ya.V. Ocherk sostoyaniya Vnutrennej ordy` v 1841 godu [An outline of the state of Inner life in 1841] // Notes of the RGO. Book 2. 1847. [In Russian]
- Shakhmatova V.F. Vnutrennyaya orda i vosstanie Isataya Tajmanova [The Inner Horde and the uprising of Isatai Taimanov]. M., 1946. 255 s. [In Russian]
- Shorekov N. Isatai-Mahambet. Dastan jáne óleńder [Isatai-Mahambet. Dastan and poems]. Almaty: Zhazushy, 1976. 161 b. [In Kazakh]

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды